

ЖШС «Дин-Асыл2» бөбекжай-бақшасының
Менгерушісі: М. Мусабаева Б.Н.



« 29 » мамыр 2026ж.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік “Дин-Асыл-2” бөбекжай – бақшасының 2026 – 2027 оқу жылындағы жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары



Кентау – 2026 жыл

29.05.2026 жыл (Хаттамасы)
№ 5 педагогтер кенесі шешімімен
қабылданған



Б.Н.Мусабаева

ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасының 2026 жылғы жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары

Мақсаты:

Балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту; толыққанды демалуына, сондай-ақ физикалық, коммуникативтік, әлеуметтік және шығармашылық дамуына жағдай жасау.

Міндеттері:

1. Балалардың денсаулығын сақтау, ауру мен жаракаттың алдын алу шараларын ұйымдастыру, санитариялық қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету, дәрумендендірілген тамақтану, қолайлы ауа-жылу режимі мен сүмен қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру.
2. Баланың денсаулығын нығайтуға, қозғалыс белсенділігі мен физикалық дамуына, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыру.
3. Балалардың ойын арқылы өздерін еркін көрсетуіне, қарым-қатынас жасауына және әлеуметтенуіне мүмкіндік беретін дамытушы орта құру.
4. Балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қолдау, ойын, қарым-қатынас және қоршаған ортаны танып-білу барысында эмпатияны, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
5. Ата-аналарды педагогикалық және санитариялық-ағартушылық жұмысқа тарту, жазғы кезеңде балаларды тәрбиелеу мен сауықтырудың тиімді әдістерін меңгеруге жәрдемдесу.

Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
I кезең: Ұйымдастырушылық-ақпараттық		
Жазғы сауықтыру кезеңіне жағдай жасау		
Педагогикалық кеңесте жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын қарау және бекітуге ұсыну.	Мамыр	Менгеруші, әдіскер
Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін локальді актілерді шығару (МДҰ бұйрығы): • жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту; • жазғы кезеңге күн тәртібін бекіту; • жазғы мезір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы.	Мамыр	Менгеруші, әдіскер

Кызметкерлерге нұскау өткізу: ● Багалардын өмірі мен денсаулығын сақтау шараларын ұйымдастыру; ● Жаракаг алу жагдайларын алын алу; ● Улы саньрауқұлактар мен өсімдіктерден уланудын алын алуға бағытталған түсіндіру жұмыстары; ● Жұмыс орнында енбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау; ● Күн өтуі мен ыстықтан шаршау жагдайында алғашқы медициналық көмекті көрсете білу; ● Асказан-ішек аурулары мен тағамнан уланудын алын алу шаралары; ● Багаларды енбекке баулу кезінде (аула, гулар, бакшада) қауіпсіздік талаптарын сақтау; ● Бұқаралық іс-шаралар кезінде қауіпсіздік ережелері мен шектеулерді сақтау; ● Спорттық ойындар мен жарыстар өткізу кезінде қауіпсіздік талаптарын орындау; ● Алғашқы көмек көрсету дағдыларын менгеру.	Мамыр, маусым	Менгеруші, әдіскер Медицина кызметкері (Келісімдері бойынша жергілікті санитариялық және төтенше жагдайларға қарсы кызмет бөлімдерінің мамандары шақырылады)
Багаларға түсіндіру жұмыстарын жүргізу: ● түрлі жарақаттардың алын алу жолдары туралы айту; ● табиғат асында серуендеген кезде сақталуы тиіс ережелермен таныстыру; ● бағабакша ауласында қауіпсіз жүріп-тұру тәртіптерін түсіндіру.	Мамыр, маусым	Әдіскер, тәрбиешілер
Жазғы кезеңдегі багалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру: багалардың жаз мезгіліндегі демалысын тиімді өткізу үшін қажетті әдістемелік, дидактикалық, көркем және танымдық материалдар қоры жасалып, сол ресурстарға еркін қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы көрме ұйымдастырылады.	Мамыр	Әдіскер

Қызметкерлерге нұсқау өткізу: • Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау шараларын ұйымдастыру; • Жарақат алу жағдайларының алдын алу; • Улы санырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алуға бағытталған түсіндіру жұмыстары; • Жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау; • Күн өтуі мен ыстықтан шаршау жағдайында алғашқы медициналық көмекті көрсете білу; • Асқазан-ішек аурулары мен тағамнан уланудың алдын алу шаралары; • Балаларды еңбекке баулу кезінде (аула, гүлзар, бақшада) қауіпсіздік талаптарын сақтау; • Бұқаралық іс-шаралар кезінде қауіпсіздік ережелері мен шектеулерді сақтау; • Спорттық ойындар мен жарыстар өткізу кезінде қауіпсіздік талаптарын орындау; • Алғашқы көмек көрсету дағдыларын меңгеру.	Мамыр, маусым	Меңгеруші, әдіскер Медицина қызметкері (Келісімдері бойынша жергілікті санитариялық және төтенше жағдайларға қарсы қызмет бөлімдерінің мамандары шақырылады)
Балаларға түсіндіру жұмыстарын жүргізу: • түрлі жарақаттардың алдын алу жолдары туралы айту; • табиғат аясында серуендеген кезде сақталуы тиіс ережелермен таныстыру; • балабақша ауласында қауіпсіз жүріп-тұру тәртіптерін түсіндіру.	Мамыр, маусым	Әдіскер, тәрбиешілер
Жазғы кезеңдегі балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру: балалардың жаз мезгіліндегі демалысын тиімді өткізу үшін қажетті әдістемелік, дидактикалық, көркем және танымдық материалдар қоры жасалып, сол ресурстарға еркін қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы көрме ұйымдастырылады.	Мамыр	Әдіскер

II кезең: Әкімшілік-басқару бақылауы

Әкімшілік-шаруашылық бағытындағы жұмыстар: 1. Алаңдарды дайындау: • құм тасымалдау; • жол қозғалысы ережелеріне байланысты қалашық пен белгілерді бейнелеу (жүгіру жолағы, спорт және қимыл-қозғалыс ойындарына арналған белгілер); • ойын және демалыс алаңдарын дайындау; • жазғы тенттерді тазалап, ретке келтіру. 2. Спорт алаңдарын жабдықтау: • дене шынықтыру, танымдық және тәжірибелік бағыттағы құралдарды толықтыру және жаңарту. 3. Бассейнді әзірлеу (бар болса): • қауіпсіздік талаптарын тексеріп, дайындығын қамтамасыз ету.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі
Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін, мерекелік және бұқаралық ісшараларының ұйымдастырылуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер
Күн тәртібінің, тамақтанудың орындалуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер, медицина қызметкері
Назарға алынған бақылау: • перспективалық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту); • күн тәртібін сақтау; • жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту; • жаңа оқу жылына дайындық.	Маусым - тамыз	Меңгеруші, әдіскер, медицина қызметкері, дене шынықтыру нұсқаушысы

• Жедел бақылау: балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша қауіпсіздік нұсқаулықтарының орындалуын бақылау; • тамақтану сапасын, дәрумендермен қамтамасыз етілуін және тағамның құнарлылығын тексеру; • күн тәртібінің сақталуын бақылау; • жоспарланған іс-шаралардың уақытылы өткізілуін қамтамасыз ету; • қажетті құжаттарды дұрыс жүргізу; • алдын алу жұмыстарының талаптарға сай жүзеге асырылуын бақылау; • қауіпсіздік ережелерінің сақталуына назар аудару.	Маусым - тамыз	Менгеруші, әдіскер, медицина қызметкері
III кезең: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру		
• Жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілетін іс-шараларға қатысу арқылы тәрбие процесін қадағалап, қажет болған жағдайда педагогтерге әдістемелік тұрғыда колдау көрсету. • Шынықтыру жұмыстарының дұрыс әрі тиімді ұйымдастырылуын бақылау, қажет жағдайда түсіндіру, нұсқау беру. • Педагогтерге алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша білім беру және машықтандыру. • Серуен кезіндегі спорттық ойындарды жоспарлау мен өткізудің тиімді әдістерін көрсету. • Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында педагогтердің тәжірибесінде кездесетін қиындықтарды анықтап, оны шешу жолдарын ұсыну (кеңес, тренинг, семинар, әдістемелік көмек түрінде). • Топтағы заттық-кеңістіктік ортаның балалардың жас ерекшелігі мен даму деңгейіне сәйкестігін тексеріп, оны үнемі жетілдіріп отыру.	Маусым - шілде	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы, медицина қызметкері

- Семинар-практикум «Жазғы сауықтыру кезеңінде балалар үшін ең тиімді сауықтыру-шынықтыру кешендері». - Семинар-тренинг «Қимыл-қозғалыс ойындарын күн тәртібінде ұйымдастыру ерекшеліктері». - Семинар «Жаз кезеңінің бөбек жасындағы балалардың бейімделуіне алғашқы артықшылықтары». Ескерту: тақырыптар мен жұмыс түрлері қажеттілігіне қарай өзгертіліп, толықтырылады.	Жазғы сауықтыру кезеңі бойы	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы, медбике
Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның сайтында «Ата –аналарға арналған консультациялық пункт» бөлімінде - Ата-анарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру: - буклеттер; - жаднамалар; - нұсқаулықтар; - инфографикалық ақпараттық парақшалар; кітапшалар; - электрондық ақпарат көздеріне сілтеме. - Санитарлық бюллетендер шығару: - «Жеміс-көкөніс пен жеміс-жидекті жуу — денсаулық кепілі»; - «Баланы суға шомылу кезіндегі қауіпсіздік ережелеріне үйрету»; - «Жазғы ойындар және қауіпсіздік ережелері»; - «Баланы көпшілікке арналған ойын-сауық орындарына апару».	Жаз бойы	Әдіскер, медицина қызметкері
Педагогтердің сұранысы бойынша әдістемелік көмек көрсету, кеңес беру	Жаз бойы	Әдіскер
IV-кезең: Балалармен жұмыс		

«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде: • Балаларға қолайлы психологиялық әрі эмоционалды орта қалыптастыру. • Өзін-өзі күтуге қатысты дағдыларын нығайтып, дербестігі мен өзіне деген сенімін арттыру. • Денсаулығына мән беруге үйретіп, шынығу арқылы ағзасын шынықтыру дағдыларын қалыптастыру. • Халық ауыз әдебиеті үлгілерін пайдалана отырып, балалардың ертегіге, кітапқа деген қызығушылығын арттыру. • Баланың өз ойы мен ұсыныстарын ескеру, пікір білдіруіне мүмкіндік беру. • Баланың бірге ойнауы, еңбек етуі, тазалықты ұстануы, тәртіпке бағынып, ұжыммен әрекеттесе білуі, ойлау қабілеті мен қабылдауын дамытуы, сурет салу сияқты дағдыларды ойын арқылы меңгеруін қамтамасыз ету. • Тәрбиеші тек алдын ала жоспарлаған іс-шараларды орындап қана қоймай, сонымен қатар баланың жеке қызығушылықтарын ескеріп, оның белсенділігіне негізделген күн тәртібін ұйымдастыру. • Баланың әлеуметтік және эмоционалдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау.	Жаз бойы	Әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы
V кезең: Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары		
Дағдыларды кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру	Жаз бойы	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы
• таза ауадағы дене шынықтыру; • таңертеңгі жаттығу; • ұйқыдан ояту жаттығулары; • сергіту сәттері.	Жаз бойы	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы
Антропометрикалық өлшемдерді жүргізу	Мамыр айының	Медициналық қызметкер

● Спорттық ойындар, жарыс сипатындағы ойындар. ● Қимыл белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар. ● Спорттық мерекелер мен ойын-сауықтар. ● Мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізу (мүмкіндігінше таза ауада).	Жоспар бойынша	МДҰ меңгерушісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, тәрбиешілер
Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу: ● дозаланған күн ванналары; ● суға шомылу, сумен шайыну, аяқты шаю; ● массаж жолдарымен жаяу жүру, өзіне массаж жасау; ● ауа ванналары; ● терезені ашып қойып ұйықтау; ● ауызды және тамақты шаю; ● ауыз-су ішу режимі; ● тыныс алу жаттығулары.	Күн сайын	Тәрбиешілер
Арнайы жаттығулар: ● түзету жаттығулары; ● майтабандылықтың алдын алу; ● дене сымбатының бұзылуының алдын алу; ● артикуляциялық жаттығулар; ● тыныс алу жаттығулары; ● ұсақ моториканы дамыту жаттығулары.	Күн сайын	Дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер
Балалармен әңгімелесу: «Ойнай жүріп, шынығамыз»	Күн сайын	Медициналық қызметкер
Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау	Күн сайын	Дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер
Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру	Күн сайын	Медицина қызметкері, бас-аспаз

Ата-аналармен жұмыс		
- Ата-аналармен тығыз серіктестік қарым-қатынас орнату үшін «Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту үшін қандай пайдалы шараларды ұйымдастыру қажет?» тақырыбына сауалнама ұйымдастыру. - Ата-аналармен күн сайын пікірлесіп, өзара ақпаратпен алмасуды жолға қою. - Жазғы уақытта баланың денсаулығын жақсарту жөніндегі мәліметтерге ата-аналардың оңай қол жеткізуін қамтамасыз ету (ауызша түсіндіру, сілтеме арқылы электронды түрде тарату, ата-аналар бұрышында орналастыру, ата-аналарды сауықтыру шараларына тарту). - Әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге ата-аналарды белсенді қатыстыру.	Мамыр, маусым, шілде	Әдіскер, тәрбиешілер
Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау		
Жазғы сауықтыру шараларының соңында балалармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
Жазғы сауықтыру шараларының соңында ата-аналармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
Балалардың денсаулығына мониторинг жүргізу	Тамыз	Тәрбиешілер, медицина қызметкері
Жазғы сауықтыру кезеңін педагогикалық кеңесте қорытындылау	Тамыз	Меңгеруші, әдіскер